

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023**

6. Guidelines for translating and adapting psychological instruments. Nordic Psychology, Gudmundsson, E., 2009;
7. Cross-cultural adaptation of research instruments: Language, setting, time and statistical considerations. BMC Medical Research Methodology, Gjersing, L., Caplehorn, J. R. M., & Clausen, T., 2010;
8. Cross-Cultural Adaptation and Validation of Psychological Instruments: Some Considerations, Juliane Callegaro Borsa, Bruno Figueiredo, Damásio Denise Ruschel Bandeira, 2012;

ӘОЖ 159.9

## **ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ МЕН СТУДЕНТТЕРДІҢ ЭЛЕКТРОНДЫ ТЕМЕКІНІ ҚОЛДАНУЫ**

**З. Асамбаева, Н. Тұрсынғали, Ә. Оразғали**  
[asambaevazarina@gmail.com](mailto:asambaevazarina@gmail.com)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Әлеуметтік ғылымдар факультеті,  
Психология білім беру бағдарламасы, 1 курс студенттері  
Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекші – п.с.ғ.к. Б.Ш. Байжуманова

Электронды темекі - ішінде сұйықтығы, арнайы ауыстыратын картриджі бар, өкпеге тыныс алу жолдары арқылы никотин жеткізетін темекінің жаңа түрі. Қазіргі таңда жастар арасында, әсіресе мектеп оқушылары мен студенттер арасында сұранысқа ие. Беркли университетіне қарасты Лоурен атындағы ұлттық зертхана мамандары вейптен уытты заттардың бөлінетінін анықтады (пропиленгликоль, аккумулятор қызған мезетте бөлінетін концерогенді заттар, диацетил).

Электронды темекінің түрлері өте көп. Вейп, гло, айкос атауымен танымалдыққа ие болған бұл өнім адам денсаулығына кері әсерін тигізеді. Оның құрамында глицерин, полипропилен секілді химиялық улы заттар бар. Глицерин жоғары деңгейде бу бөлетін болса, зияны көбейеді. Ал полипропилен дегеніміз, пластикалық құбырлар мен пласмасса құрамында болатын қауіпті зат. Картридж ішіне хош иісті сұйықтық құйылады. Темекі секілді жағымсыз иіс қалдырмайды деген оймен жастар электронды темекіні қолдануға әуестігі жоғарылайды.

Осы орайда, жоғары сынып оқушылары мен студенттердің электронды темекіні қолдануына байланысты арнайы сауалнама жүргізіп, төмендегідей нәтиже алдық.

**Сауалнамаға** 34 адам қатысты, соның ішінде: 11 сынып оқушылары мен бакалавриат деңгейіндегі Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ студенттері болды.

**Өткізілу барысы:** Google Forms платформасы арқылы, анонимдік тұрғыда берілген сұрақтарға нақты, шынайы жауап беру.


Біз сауалнама жүргізген қатысушылардың ішінде 80%-ы электрондық шылым шегушілер қатарына жатады. Бұл құрылғылардың қаншалықты қолданысқа ие екендігін айқын көрсетеді.

Адамның психикалық денсаулығы - бұл адамның өз әлеуетін жүзеге асыра алатын, әдеттегі өмірлік стресстермен күресетін, өнімді және жемісті жұмыс істейтін және қоғамға үлес қоса алатын әл-ауқат жағдайы. Осы процестерді адамның миы бір тізбек ретінде қабылдайды. Ал электрондық темекіні күнделікті өмірде үздіксіз қолданатын адамның миы тек бір тізбекті жаттанды түрде қабылдайды. Электрондық темекі шегу – біздің рецепторларымызды оятушы - керемет сезімдер және де сол шегілген темекіден ләззат алушы фактор болып қалыптасады. Әлбетте біздің миымыз сол тізбек бойынша жұмыс атқарып, күнделікті сол көңіл-күй гормондарының дозасын ұлғайтады. Адам сол сәтте автоматты түрде электрондық темекіні іздеп, соған мұқтаж болады. Бұл тәуелділіктер "гормондардың" бөлінуіне жауап беретін рецепторларды ынталандырады (адреналин және дофамин). Оған дәлел ретінде сауалнамадағы

Қолданған сәтте қандай эмоция түйсінесіз? \ Какие эмоции ощущаете во время использования устройства?

 Копировать

34 ответа




жауап нәтижесін көре аласыздар.

Сауалнамаға қатысқан темекі шегуші үнемі никотиндік аштықты сезінеді және оның миы "никотинді" іздестірудің жолдарын үнемі іздестіреді. Ал адам үшін өмірлік маңызды заттың

Сіз электронды темекі құрылғыларымен қолданасызба? \ Используете ли электронные сигареты?


 Копировать

34 ответа




жетіспеушілігі, психикалық денсаулықтың осаулануына алып келеді. Нәтижесінде, адамдартіркену, агрессия, мазасыздық және "темекі шегуге" деген жабайы ниет секілді сезімдерді сезіне бастайды.

Бұл шылымның түрлері мектеп жасындағы баладардан бастап өз танымалдылығын алды, және де айтып өткендей көбі ыңғайлы және иісіне байланысы қолданады екен. Сауалнамаға қатысқандардың 38.2% электронды темекіні 10-11 сыныпта бастағанын айта кетті.



34 ответа



Көбі ляззат алу үшін қолданады. Жоғарыда айтылып кеткендей, никотин рецепторларды қоздырып, ми гормондарды бөлуге сигнал береді. Сауалнамаға қатысқандардың 1/3 бөлігі электронды темекіні білім алу барысындағы стресстен арылу үшін қолданады деген ой білдірді. 26.5% қоршаған адамдар темекі шегетіндіктен, өздері никотинге тәуелді болғанын айқындады.

**Қорытынды:** Сауалнамаға қатысқандар, мектеп оқушылары мен студенттердің электронды темекіге қатысты сұрақтарға жауап беріп, вэйп құрылғылары сұранысқа ие екенін көрсетті. Қатысқандар никотинді көбінесе 16-17 жасында қабылдап бастаған. Олардың 1/3 бөлігі электронды темекіні мақсатсыз, ляззат үшін қолданатынын айқындады.

### Қолданылған әдебиеттер:

1. [https://npsyj.ru/articles/article/4706/?sphrase\\_id=41388](https://npsyj.ru/articles/article/4706/?sphrase_id=41388)
2. Е.В. Плакса. Психологический анализ поведения курящих. Вестник БДУ. Сер. 3. 2006. № 1, стр 58. <https://elibr.bsu.by/handle/123456789/39404>
3. Перминов А.А., Кувшинов Д.Ю., Рыбникова О.С. Гендерные особенности влияния курения на вегетативную нервную систему у лиц юношеского возраста. <https://cyberleninka.ru/article/n/gendernye-osobennosti-vliyaniya-kureniya-na-vegetativnuyu-nervnuyu-sistemu-u-lits-yunosheskogo-vozrasta>.
4. E-Cigarette Use Is Associated with Increased Psychological Distress among Youth: A Pooled Cross-Sectional Analysis of State-Level Data from 2019 and 2021. *International Journal of Environmental Research and Public Health*.

## ДАҒДАРЫСТЫҚ ЖАҒДАЙДАН ШЫҒУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖОЛДАРЫ

Асыланбекова Нұрдана Асыланбекқызы

[Nurdaw2004@gmail.com](mailto:Nurdaw2004@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультетінің қызметкері, Астана,  
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Айтышева А.М.

Дағдарыс жағдайы кезінде психологиялық көмек көртесу жолдары

Адамның өмірі кез келген уақытта қиындықтарға толы, ауру болсын, өмірдің өзгеруі немесе жоғалуы. Қазіргі уақытта дағдарыс жағдайында психологиялық көмек көрсету ең маңызды тақырыптардың бәбә болып табылады. Бұл бір жағынан қиын өмірдің көбеюіне байланысты әлеуметтік және экономикалық аспектілерден туындаған жағдайлар өмір, техногендік апаттар, табиғи апаттар санының өсуімен, террористік актілер, секталар, моральдық, физикалық және күнделікті өмірдегі жыныстық зорлық-зомбылық сияқты себептермен де байланыстыруға болады. Дағдарыс сөзі гректің *krisis* – шешім, нәтиже деген сөзінен шыққан. «Дағдарысқа әкелген» шайқастарға қатысты бұл ұғымды ежелгі грек тарихшылары қолданған. Психологиядағы дағдарыс - бұл қандай да бір сыртқы әсердің нәтижесі болып табылатын ауыр психологиялық жағдай, ішкі себеппен немесе кенеттен өзгерген кезде жеке өмірінің жағдайы [24]. Гордон Хембли келесі анықтаманы ұсынады : «дағдарыс – қобалжумен бірге жүретін қауіпті мүмкіндік» [35, б. 4]. Гордон В.Олпорттың пікірінше, «...дағдарыс – бұл маңызды талап ететін эмоционалдық және психикалық күйзеліс жағдайы қысқа мерзімде әлем және өзі туралы идеялардың өзгеруі уақыты» [24, б. 6]. Көбінесе бұл қайта ойлану тұлға құрылымының өзгеруіне әкеледі. Бұл өзгерістер оң және теріс болуы мүмкін. Дағдарыс өсуіне және жетілуіне әкелуі мүмкін. Психикалық дағдарыста екі жағын ажыратуға болады: жеке өсу қаупі және жеке өсу әлеуеті. Дағдарыс деп тұлға дамуының белгілі бір мезетінде оның мақсатты өмірлік әрекеті тежелген адамның күйі ретінде қарастыруға болады. Ұзақ уақытқа созылған созылмалы дағдарыс әлеуметтік бейімделу, суицид, нейропсихикалық немесе психосоматикалық азап қаупін тудырады. Дағдарыстың хронизациясы айқын акцентуация сипаты бар, жетілмеген дүниетанымы («әлем әдемі» - «әлем қорқынышты») және өмірлік көзқарасы бір жақты адамдарға тән. Бұл адамдар дағдарыс кезеңінде көмекке мұқтаж, бұл өмірдің қиын және жауапты кезеңі ретінде ғана емес, одан әрі өмірді мағынасыз ететін тығырықтан шығу ретінде қарастырылады.

Кез келген дағдарыста, оның жетілу және даму процестерімен байланысты немесе өткір апатты жағдайда орын алатын адамда пайда болатын күшті сезімдермен байланысты. Олардың